

№22 жалпы орта білім беретін мектепте 2019 жылдың сәуір айының 13 күні өткізілген Қамқоршылық кеңесі жиналысының хаттамасы

Жиналыс төрағасы: қамқоршылық кеңесі төрағасы Қанаев М.Ж.

Хатшы: қамқоршылық кеңесінің мүшесі Шынжырбаева А.

Қатысқандар:

1. Мұхамбеталиева Б.М. - мектеп директоры
2. Байгужина З.М. - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Қасанова Н.А. - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
4. Молдашева Ж.О. - мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі орынбасары
5. Молдакулова С.Т. - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
6. Дайрабаева А.Б. - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
7. Жекейбаева С. - мектеп психологы
8. Баданова Н.А. - мектептің әлеуметтік педагогы
9. Қалиева Ш.А. - мектеп тәлімгері
10. Қанаев Мұхамбет – Қамқоршылық кеңесі төрағасы
11. Аманбаева Ж.Қ. - мектептің кәсіподақ ұйымының төрайымы
12. Нұртілеуова Ж.А. - мектептің бала құқығын қорғау инспекторы
12. Сатанов Нұрболат – кеңес мүшесі
13. Шынжырбаева Ардақ – кеңес мүшесі
14. Қоңырбаев Мажит - кеңес мүшесі
15. Кетебаева Айсара - кеңес мүшесі
16. Оңғаршиев Мәлік - кеңес мүшесі
17. Елсейтова Сәуле - кеңес мүшесі
18. Құрманбаев Айтқали - кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Мектепте Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығы талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету туралы
2. «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2018 жылға арналған Жылыой ауданы білім бөлімі бойынша іс-шаралар жоспарын» орындау мақсатында №22 жалпы орта білім беретін мектепте аталған бағытта жүргізілген жұмыстар туралы

Жиналысты Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қанаев М. ашып, бүгінгі отырыстың күн тәртібімен таныстырды, яғни Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығы талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету туралы мәселенің күн тәртібінде қаралатындығын айтып өтті.

Кеңес мүшесі Елсейітова С.

-Мектепке келгенде баламыз өзін еркін ұстап, білімін алу үшін келетіндігі бәрімізге белгілі. Еліміздің осы бұйрығына сай және мектептің Жарғысында көрсетілген мектеп формасына бәрімізде келісеміз.

Кеңес мүшесі Кетебаева Айсара

-Барлық мектептердегідей біздің мектебімізде осы бұйрық бойынша жұмысты бірігіп атқарамыз. Баламыз мектепке келгенде оның киген мектеп формасыда оның білім алуына және оқушы ережесіне сай болуы керек деп ойлаймын. Жас ерекшеліктеріне,климат жағдайына байланысты болуы керектігінде біз ересектер ескеруіміз керек.

Тәрбие ісі менгерушісі Молдакулова С.Т.

«Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2018 жылға арналған Жылыой ауданы білім бөлімі бойынша іс-шаралар жоспарын» орындау мақсатында №22 жалпы орта білім беретін мектепте аталған бағытта жұмыстар жүргізілді.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі мектептің педагогикалық кеңесінде қаралды.Оқу жылы барысында заң талаптарына сәйкес мектепте бейнебақылауды (ішкі және сыртқы),турниктерді,металлодетектор рамаларын орнату, сондай-ақ, мектептің коммуникацияларын, инфрақұрылымының және материалдық-техникалық жабдықталуының (баспалдақ аралығы,терезе жақтауларының қауіпсіз ашылуы,бастауыш сынып оқушыларына арналған жиһаздардың қауіпсіздігі) қауіпсіздігіне байланысты жұмыстар жүргізіледі.Мектеп оқушыларының демалыс кезеңінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарға сай түрлі іс-шаралар жүргізіледі. Жоспар бойынша кәмелетке толмағандардың суға түсу кезінде ережелерді сақтау және өрт кезіндегі іс-әрекеттерге үйрету мақсатында мектепте осы бағытта сынып жетекшілері және пән мұғалімдері түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Мектепте оқушылар арасында терроризм актісі жасалған кезде терроризмге қарсы жүріс-тұрысты және іс-қимылды қалыптастыру бойынша Жаңа Қаратон кенті әкімшілігімен біріккен теолог-ғалым мен Жаңа Қаратон кентінде орналасқан «Нұр-Сатыбалды» мешітінің имамымен кездесу ұйымдастырылып, кәмелетке толмағандар жасөспірімдерге имандылық, адамгершілік туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері терроризм актісі жасалған кезде терроризмге қарсы жүріс-тұрысты және іс-қимылды қалыптастыру мақсатында шаралар (қысқа көлемді бейнефильмдер,интерактивті сабақтар,слайд көріністері,практикалық жаттығулар т.б.) жүргізді.

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың және түнгі уақыттағы ата-анасыз немесе заңды тұлғаларының еріп жүруінсіз жүрудің алдын алу мақсатында мектепте құқық қорғау мекеме қызметкерлерімен келісілген жоспарға сай іс-шаралар орындалып жүргізіледі.Мектеп оқушыларының құқық бұзушылығына,қылмыс жасауына жол бермеуіне байланысты «Беймезгіл уақытта жасөспірімдердің жүруінің алдын алу шаралары»,«Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыптарында құқық қорғау мекеме қызметкерлерімен кездесу шаралары ұйымдастырылды.Оқушылардың мектеп ережесіне сай тәртіп пен мектеп формасын сақтауына байланысты «Мектеп формасы-тәртіптілік нышаны» тақырыбында сыныптарда түсіндірме жұмыстары және кеңес отырысында қаралып, жүргізілді.

Мектеп оқушылары арасында қыздар клубын құрып,қыздарды зорлық-зомбылық іс-әрекеттерін алдын алу,жолын кесу және сақтану бағытында жеке бастың қауіпсіздігі тақырыбын талдауда «Жасөспірімдердің жыныстық даму қауіпсіздігін қалыптастыру» атты дәрігер мамандармен дөңгелек үстел болып, оқушылар өздеріне қажетті мағлұматтар алды.Сабақтан себепсіз қалатын оқушыларды анықтау,олармен әртүрлі жұмыстар жүргізу барысында «Сабақтан тыс уақыттағы сүйікті ісің қандай? » анкеталық сауалнама жүргізіліп,сарапталды.

Мектеп әкімшілігі тамақтану қызметін көрсететін кәсіпкерлермен жұмыс барысында тамақтану қызметін көрсететін кәсіпкерлер тамақтануды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсеткенге дейін кәсіпкерлік қызметіне санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысын, ас әзірлейтін бөлім қызметкерлерінің медициналық тексерістен уақтылы өтуін қамтамасыз етуін,отандық өндірушілерден сертификатталған сапалы азық-түлікті алуын,тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын олардың сапасына және қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары болған жағдайда қабылдауын,көрсетілетін қызмет беруші тағамды дайындау технологиясын

және дайын тағамдарды калориясына сәйкестігін сақтау мақсатында картотекасының бар болуын қамтамасыз етуді, тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсетуші ауыз сумен қамту режимін ұйымдастыруын қадағалап, мекеме қызметкерлерінің кезеңді медициналық байқаудан өтуін, ас блогі қызметкерлерінің бактериологиялық зерттеу көрсеткішінің растылығын ерекше бақылауға алу жұмыстарын алдын ала жүргізеді.

Мектеп әкімшілігі жылына бір рет жедел жағдайда алғашқы медициналық көмекті көрсету бойынша мектептің қызметкерлері, педагогтері, оқушылары арасында түрлі шаралар ұйымдастырады.

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған және балалардың қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда мемлекеттік және басқа да органдарға шағымдану, сондай-ақ интернет желіде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ата-аналарға арналған материалдарды (жадынама, бүктемелер) сынып жетекшілері мен мектеп психологы дайындап, тәрбие ісі меңгерушілері осы бағытта мектеп дәлізінде стенд жасақтайды. Мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бейнетүсірілімдерді жұртшылық арасында көрсетуді ұйымдастырып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, соның ішінде оқушылар арасында тамақтан улану және түрлі жұқпалы ауруларды болдырмау іс-шаралары, соның ішінде жазба жұмыстары, лекция, сынып сағаттары, түсіндірме жұмыстары, дәрігер-кеңестері өткізіледі.

Қаулы:

1. Мектепте Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығы талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету жұмыстары атқарылсын
2. Мектеп бойынша «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бағытында жүргізілген жұмыстар тәрбиелік бағытта (дөңгелек үстел, тренинг, сауалнама, т.б.) түрінде жүргізілсін.

Төраға: 
Хатшы: 

Қанаев М.Ж.
Шынжырбаева А.